

## 2022 жылдың тамыз айында температураның ауытқуы

Қазақстан аумағы бойынша ай бойы орта тропосферада циклонның биік жырасы басым болып, жер бетіндегі қабатта Балтық аудандарынан келген ауқымды антициклон орын алды. Антициклонның шығыс перифериясының ықпалымен арктикалық ауаның келуі республиканың шығыс жартысында ауа температурасының теріс ауытқуына себеп болды. Сонымен, айдың ортасында күздің алғашқы лебімен бірге ауа райы да салқиндай бастады, бұл кезде солтүстікте, орталықта, шығыста және оңтүстік-шығыста ауа температурасы түнде  $+3+10^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+12+20^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеді.

Тек, батыс өңірлерде ай бойы дерлік антициклонның батыс перифериясының ықпалымен Иран мен Жерорта теңізінің шығыс бөлігінен келген жылы ауаның енуі байқалды. Сынап бағанасы күндіз  $+35+41^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілді. Ауа температурасының мұндай жоғары мәндері рекордтық көрсеткіш болған жоқ, өйткені метеобақылаудың бүкіл тарихында ауа температурасы  $+40+46^{\circ}\text{C}$  дейін көтерілген кездер болды. Дегенмен, Манғыстау облысының кейбір метеостанцияларында ауа температурасының тәуліктік рекордтық мәндері тіркелді. Мысалы, Ақтау метеостанциясында 15 тамызда ең жоғары ауа температурасы  $+40,1^{\circ}\text{C}$  құраған, бұл рекордтық көрсеткішке айналды. Соңғы рет осы күні ең жоғары ауа температурасы 2008 жылы ( $+39,2^{\circ}\text{C}$ ) байқалды. 16 тамызда Форт-Шевченко метеостанциясында ең жоғары ауа температурасы  $+40,2^{\circ}\text{C}$  жетті, осы күннің ең жоғары ауа температурасы 2012 жылғы  $+39,3^{\circ}\text{C}$  құраған рекордынан асты.

Жоғары атмосфералық қысымның басым болуы себебінен Қазақстанның басым бөлігінде жауын-шашын тапшылығы байқалды. Тек айдың бірінші онкүндігінде Скандинавия түбегіндегі және Шығыс Сібірдегі циклондардың орталығымен байланысты атмосфералық фронттар республиканың солтүстік, орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарында қатты жауын-шашынның жаууына себеп болды, жауын-шашынның мөлшері тәулігіне 15 мм-ден 37 мм-ге дейін жетті. Мысалы, 1 тамызда Осакаровка метеостанциясында (Қарағанды облысы) тәулігіне 31 мм, 5 тамызда Тасты метеостанциясында (Түркістан облысы) - 37 мм, 7 тамызда Солтүстік Қазақстан облысындағы Возвышенка метеостанциясында - 15 мм, Чкалово метеостанциясында - 21 мм, 9 тамызда Аршалы метеостанциясында (Ақмола облысы) - 23 мм құрайтын жаңбыр жауды. Жауын-шашыннан басқа, Достық (Жетісу облысы) АМС-да (автоматты метеорологиялық станция) солтүстік-батыстан соққан жел күшейіп, апатты гидрометеорологиялық табиғи құбылыстарының өлшем шарттары деңгейіне 31-35 м/с жетті.

## Температурные качели в августе 2022 года

В средней тропосфере, над территорией Казахстана, в течение месяца преобладала высотная ложбина циклона, в приземном слое - обширный антициклон, сместившийся из районов Прибалтики. Поступление арктического воздуха по восточной периферии антициклона обусловило отрицательные аномалии температуры воздуха в восточной половине республики. Так, прохладная погода с первыми отголосками осени пришлась на середину месяца, когда температура воздуха на севере, в центре, на востоке и юго-востоке понижалась ночью до  $+3+10^{\circ}\text{C}$ , днем до  $+12+20^{\circ}\text{C}$ . Исключение составили западные регионы, где большую часть месяца, по западной периферии антициклона, происходил вынос теплого воздуха из районов Ирана и восточной части Средиземного моря. Столбики термометров днем достигали отметки  $+35+41^{\circ}\text{C}$ . Такие высокие значения температуры воздуха не были рекордными показателями, так как за всю историю метеонаблюдений температуры воздуха повышались до  $+40+46^{\circ}\text{C}$ . Тем не менее на ряде метеорологических станций Мангистауской области были зафиксированы суточные рекорды температур воздуха. Так, например на метеостанции Актау самая максимальная температура воздуха наблюдалась 15 августа и составила  $+40,1^{\circ}\text{C}$ , что стало рекордным показателем, последний раз максимум в этот же день был отмечен в 2008 году ( $+39,2^{\circ}\text{C}$ ), на метеостанции Форт-Шевченко 16 августа самая высокая температура воздуха составила  $+40,2^{\circ}\text{C}$ , побив рекорд 2012 года, когда в этот день максимальная температура воздуха была  $+39,3^{\circ}\text{C}$ .

На фоне преобладающего повышенного атмосферного давления на большей части Казахстана наблюдался дефицит осадков. Лишь в первой декаде месяца серия атмосферных фронтов, связанных с центрами циклонов над Скандинавским полуостровом и над Восточной Сибирью, обусловили ненастную погоду с сильными дождями в северных, центральных, восточных и юго-восточных регионах республики, где за сутки выпало от 15 до 37 мм. Так, например 1 августа на метеостанции Осакаровка (Карагандинская область) выпало за сутки 31 мм, 5 августа на метеостанции Тасты (Туркестанская область) - 37 мм, 7 августа в Северо-Казахстанской области на метеостанции Возвышенка выпало 15 мм, на метеостанции Чкалово - 21 мм, 9 августа на метеостанции Аршалы (Акмолинская область) - 23 мм. Кроме сильных дождей на АМС (автоматическая метеорологическая станция) Достык (Жетысуская область) усиливался северо-западный ветер до критериев стихийного гидрометеорологического явления погоды (СГЯ) достигая 31-35 м/с.